

Ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 606 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 желтоқсанда № 26144 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2024 жылғы 19 тамыздағы № 410 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 19.08.2024 № 410 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 16-3) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрдің м.а.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Цифрлық
даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Ш. Каримова

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
м.а.

Ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 16-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Ақпараттандыру субъектілері арасындағы процестерді автоматтандыру орталықтандырылған алымның ақпараттық жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі техникалық және функционалдық сипаттамаларды ескере отырып, ақпараттандыру объектілерін құру және (немесе) дамыту жолымен жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру субъектілері – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға түсетін мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар;

2) ғылым саласындағы ақпараттандыруды ұйымдастырушы - "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы;

3) ақпараттандыру объектілері - электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым;

4) ғылым саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинау мен сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - орталықтандырылған жинау АЖ) - меншік иесі және (немесе) иеленушісі ғылым саласындағы ақпараттандыруды ұйымдастырушы болып табылатын ақпараттық платформа.

2 - тарау. Ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі

4. Ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыруды және олардың жұмыс істеуін ақпараттандыру субъектілері "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес орталықтандырылған алым

АЖ-ның жеке кабинеті арқылы жүзеге асырады. Ғылым саласындағы ақпараттандыруды ұйымдастырушы (бұдан әрі - ұйымдастырушы) ақпараттық ортадағы деректер ағынын ұйымдастыруды бес бағыт бойынша жүзеге асырады:

- 1) ақпараттық - ғылымның бірыңғай ақпараттық кеңістігін қамтамасыз ету;
- 2) әкімшілік - ғылымды басқарудың барлық деңгейлерінде басқару шешімдерін ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) жедел - желілік мониторинг және әкімшілендіру, деректерді резервтік сақтау және өңдеу жүйелерін іске асыру, жедел-техникалық персоналдың техникалық байланысын ұйымдастыру;
- 4) технологиялық - ресурстық және кадрлық қамтамасыз ету, ағымдағы талаптарға байланысты кіші жүйелерді құрылымдау, бірыңғай технологиялық кешен мен әдістемелерді қалыптастыру, инновациялық технологияларды пайдалану, оңтайландыру және технологиялық консалтинг;
- 5) нәтижелі - орталықтандырылған жинақтау АЖ арқылы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет объектілерінің сапасын мониторингтеу және бағалау

5. Ақпараттандыру объектісіне қолжетімділікті ақпараттандыру субъектісімен жасалған қол жеткізу құқығына арналған келісімге сәйкес оның меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ақпараттандыру субъектісі береді.

6. Ақпараттандыру объектілерін ақпараттандыру субъектілерімен ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі тұрақты негізде, электрондық нысанда, оның ішінде электрондық құжаттарды не электрондық нысандағы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып жүзеге асырылады.

7. Орталықтандырылған жинау АЖ-ның жұмыс істеуі қолданыстағы желілер мен коммуникацияларда Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі және (немесе) "электрондық үкіметтің" бірыңғай шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8. Ақпараттандыру объектілеріне техникалық және функционалдық сипаттамалар Ұйымдастырушының ресми интернет - ресурсында, сондай-ақ орталықтандырылған алым АЖ-да жарияланады.

9. Орталықтандырылған алымның АЖ-мен интеграциялау үшін ақпараттандыру субъектілері ұсынған ақпаратқа электрондық цифрлық қолтаңба қойылады.

10. Дербес деректерді қамтитын ақпаратты өңдеуді ақпараттандыру субъектісі, Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырады.

11. Ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ақпараттандыру субъектісі ақпараттандыру объектісінен ақпаратты орталықтандырылған алым АЖ-ға беруді қамтамасыз етеді.

12. Ұйымдастырушы орталықтандырылған жинаудың АЖ-ға қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылым саласындағы электрондық ақпараттық ресурстардың жұмыс істеуі мен қалыптасуын әдіснамалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттандыру объектілерінен мынадай:

1) орталықтандырылған алым АЖ-мен интеграциялау бойынша ақпараттандыру объектілерінің меншік иелері және (немесе) иеленушілері болып табылатын ақпараттандыру субъектілерімен келісімдер жасасу;

2) ақпараттандыру субъектілерінен алынған электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинаудың, сақтаудың, олардың сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етудің АЖ объектілерін талдау жолдарымен алынған электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинауды, талдауды және сақтауды, сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етуді жүзеге асырады

Орталықтандырылған жинау АЖ-да ақпаратты орналастыру мынадай тәсілдермен:

1) жеке кабинет арқылы;

2) ақпараттандыру объектілерінің орталықтандырылған жинаудың АЖ-мен басқа да өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.

13. Ақпараттандыру объектілерінің орталықтандырылған алым АЖ - мен басқа да өзара іс-қимылы арқылы ақпаратты орналастырған кезде ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ақпараттандыру субъектісі орталықтандырылған алым АЖ-ға ақпараттандыру объектісін тіркеуге және интеграциялауға өтінім (бұдан әрі-Өтінім) береді.

14. Ақпараттандыру субъектілері өтінімде анықтамалықтан орталықтандырылған жинау АЖ таңдау жолымен орталықтандырылған жинау АЖ-да өз функцияларын (құзыреттерін) көрсетеді.

15. Ұйымдастырушы 5 жұмыс күні ішінде өтінімді қарайды және ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ақпараттандыру субъектісін өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға жіберу арқылы өтінімді тіркеуді мақұлдау немесе бас тарту туралы хабардар етеді.

16. Ақпарат осы Қағидалардың 1, 2-қосымшаларына сәйкес келмеген жағдайда Ұйымдастырушы өтінімді тіркеуден бас тартады.

17. Өтінім мақұлданған кезде Ұйымдастырушы ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ақпараттандыру субъектісімен ақпараттандыру объектісінің орталықтандырылған жинау АЖ-мен

интеграциялануы туралы 5 жылға келісім жасасады және ақпараттандыру объектісіне тестілеу жүргізеді.

18. Ақпараттандыру объектісін орталықтандырылған алым АЖ-мен интеграциялау ұйымдастырушының ресми интернет - ресурсында, сондай-ақ орталықтандырылған алым АЖ-да жарияланған техникалық және функционалдық сипаттамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

19. Ақпараттандыру объектісін немесе орталықтандырылған алым АЖ " электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерімен интеграциялау кезінде интеграция заңның 43-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Ұйымдастырушы орталықтандырылған алым АЖ-да ақпараттандыру объектілерінің тізілімін жүргізеді.

21. Ұйымдастырушы ақпараттандыру объектілерінің тізілімінен алып тастауды мынадай жағдайларда:

1) ақпараттандыру объектісін пайдаланудан шығару;

2) ақпараттандыру объектісінің меншік иесі болып табылатын ақпараттандыру субъектісінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

22. Ғылым саласындағы уәкілетті органға ақпаратқа, оның ішінде ақпаратты орталықтандырылған жинау АЖ-да орналастыру үшін қол жеткізу жеке кабинет арқылы жүзеге асырады.

23. Орталықтандырылған жинақтау АЖ-дағы ақпаратқа қол жеткізу тіркеу рәсімінен өткеннен кейін және ақпараттандыру объектілерінің тізіліміне енгізілгеннен кейін жеке кабинеттерде функционалдық мүмкіндіктерді ұсыну арқылы қамтамасыз етіледі.

24. Ақпараттандыру объектілерінде және орталықтандырылған жинау АЖ-да ақпаратты сақтауды ақпараттандыру субъектілері және ұйымдастырушы қамтамасыз етеді.

25. Ақпараттандыру субъектілері Қазақстан Республикасының ақпараттандыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, ұйымдастырушыға ақпарат беруді жүзеге асырады.

26. Ақпараттандыру объектілерінің ақпаратты сақтау, өңдеу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдармен жұмыс істеуінің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде сәйкес келуі қажет.

27. Ақпараттандыру объектілері орталықтандырылған жинау АЖ-мен интеграциялау жолымен ақпараттандыру субъектілерінен өтініштерді қабылдау және беру функциясымен қамтамасыз етіледі.

28. Ақпараттандыру субъектісі ақпаратты ақпараттандыру объектісіндегі жеке кабинет арқылы орналастырады және ақпараттың орталықтандырылған алым АЖ-ға келіп түскен күнін белгілей отырып, ақпараттың орналастырылғанын растау туралы хабарлама алады.

29. Ақпараттандыру объектілерінде функционалды пайдалану ақпараттандыру субъектілеріне берілген қол жеткізу құқықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Ақпараттандыру объектілері үздіксіз режимде жұмыс істеумен қамтамасыз етіледі.

31. Ақпараттандыру объектілерінің меншік иелері және (немесе) иеленушілері болып табылатын ұйымдастырушы мен ақпараттандыру субъектілері:

- 1) ақпараттандыру объектілерінің тәулік бойы үздіксіз жұмысын;
- 2) ақпараттандыру объектілерінің жұмыс қабілеттілігін жедел қалпына келтіру;
- 3) орталықтандырылған жинау АЖ және ақпараттандыру объектілерінің оқиғалары мен ағымдағы жай-күйіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ғылым саласындағы
ақпараттандыру
объектілерін ұйымдастыру
және олардың жұмыс
істеу қағидаларына
1- қосымша

Өтінімді тіркеу және ақпараттандыру объектісін интеграциялау үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Ілеспе хат (қазақ немесе орыс тілдерінде).
2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуі туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке тұлғаны куәландырылатын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі/төлқұжаты) (жеке тұлғалар үшін).
3. Ақпараттандыру объектісін орталықтандырылған жинақтау АЖ-да тіркеуге және интеграциялауға өтінім қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.
4. Өтініш берушіні ақпараттандыру объектісінің иесі (меншік иесі) болып табылатынын растайтын құжат.
5. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сәйкестігіне өткізген сынақтар бойынша оң нәтижелі акт.

6. Ақпараттық қауіпсіздіктің меншікті жедел орталығын құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді растайтын құжат.

7. Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бірлескен жұмыстар шарты.

Ғылым саласындағы
ақпараттандыру объектілерін
ұйымдастыру және
олардың жұмыс істеу
қағидаларына
2- қосымша

Ақпараттандыру объектісін тіркеуге/интеграциялауға ұсынатын өтінім

1. Өтініш берушінің жеке тұлғалар үшін дербес деректері:
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
Үйінің мекен-жайы;
ЖСН;
Байланыс деректері (мобильді телефон, электрондық пошта).
2. Өтініш берушінің заңды тұлғалар үшін дербес деректері:
Заңды тұлғаның атауы;
БСН;
Заңды мекен-жайы;
Байланыс деректер (телефон, электрондық пошта);
Ұйым басшысы;
Қызметтің негізгі бағыттарының қысқаша сипаттамасы.
3. Жауапты тұлғаның деректері:
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
Лауазымы;
Байланыс деректері (жұмыс/ұялы телефоны, электрондық пошта).
4. Ақпараттандыру объектісі туралы мәліметтер
Ақпараттандыру объектісінің атауы
Ақпараттандыру объектісі туралы жалпы сипаттама
Көрсетілетін қызметтер тізбесі
Өнеркәсіптік пайдалануға беру туралы мәліметтер
Қауіпсіздік талаптарының сәйкестігіне өткізген сынақтар туралы мәліметтер
Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бірлескен жұмыстар шарты.

Ұйым басшысы-өтініш беруші/ Т.А.Ә. (бар болса), өтініш беруші

(қолы, күні)